

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МІНДЕТТЕМЕ

1. Қызметкер, Еңбек шарты бойынша, Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес, өз міндеттерін орындай отырып, жемқорлық құқықбұзушылықтарды жасамауға **міндеттенеді**, оның ішінде:

А. жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңсыз материалдық сыйақы алмау және алу үшін жағдайлар жасамау.

Б. заңсыз материалдық сыйақы алуда делдалдық көрсетпеу.

В. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының аясына жататын коммерциялық параға және басқа да құқыққа қарсы сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне қатыспау.

2. **Қызметкер Ректорды және/немесе Қауіпсіздік басқармасын дереу хабардар етуге міндетті:**

А. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеген жағдайда.

Б. егер оған КЕАҚ «Нархоз университетінде» қызметкерлер, студенттер немесе басқа тұлғалар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын ұйымдастыру (дайындау) және/немесе жасауды жүзеге асыратыны белгілі болған жағдайда.

В. студенттер немесе олардың өкілдері университетте қолданыстағы ережелер мен нұсқаулықтарды бұза отырып, оқу процесі барысында туындаған мәселелерді шешуге көмек көрсету туралы өтініш білдірген жағдайда.

3. Қызметкер ҚР заңнамасын бұзуда мүдделер қақтығысы туындауының кез келген мүмкіндігіне жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға және туындаған мүдделер қақтығысы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өзіне белгілі болған сәтте Ректорды және/немесе Қауіпсіздік басқармасын дереу хабардар етуге міндетті.

4. Қызметкер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған жағдайда, қызметкерге жұмыс беруші оны ешқандай жазаға тартпайтындығы туралы хабарланады.

5. Қызметкерге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды бұзғаны үшін тәртіптік, әкімшілік, азаматтық – құқықтық және/немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкіндігі туралы ескертілді.

6. **Қызметкерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы осы міндеттемені орындамаған жағдайда, ол ҚР заңнамасына сәйкес жұмыстан шығаруға дейін тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін екендігі ескертілді.**

Мен,

(лауазымы, құрылымдық бөлімше)

оқып-танысқанымды растаймын және КЕАҚ «Нархоз университеті» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемесін орындауға міндеттенемін.

Қолы _____

Күні « ___ » _____ ж.